

Лунд университетіндегі тағылымдама

2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАРАШАСЫ МЕН 30 ЖЕЛТОҚСАНЫ АРАЛЫҒЫНДА ЕУРОПАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ «HORIZON» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН МОССА ЖОБАСЫ БОЙЫНША І.ЖАНСУПРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – ГУМАНИТАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ НАЗГҮЛ БАЙҒАБАТОВА ЖӘНЕ ЖОБА КЕҢЕССІНІҢ МЕНЕДЖЕРІ ӘЛИЯ ҚАШАҒАНОВА ШВЕЦИЯ КОРӨЛДІГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ЛУНД УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЕКІ АЙЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТТІ.

Бұл тағылымдама білімімізді тереңдетуге, әріптестермен тәжірибе алмасуға және халықаралық байланыстар орнатуға бірегей мүмкіндік беретін ғылыми қызметіміздің маңызды кезеңі болды.

QS World Rankings рейтингінде 75-ші және 2024 Times Higher Education Rankings рейтингінде 95-ші орында тұрған Лунд университеті әлемдегі жетекші университеттердің бірі. Өзінің пәнаралық тәсілдерімен және халықаралық ынтымақтастығымен танымал университет бізді зерттеуші ретінде шабыттандыраған орынға айналды және ғылыми қызметтің жаңа көкжиегін ашты.

Лунд университеті 1666 жылы құрылды және содан бері академиялық табыстың символына айналды. Бұл университет өзінің беделі мен әртүрлі оқу сапаларындағы,

түсінуге мүмкіндік берген орталыққа айналды.

МОССА жобасы сыбайлас жемқорлықтың көп деңгейлі тәртібіне пәнаралық зерттеулер жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаһандық және ұлттық күш-жігерге

әлеуметтік проблемаларды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін атап өттім. Ал Әлия Қашағанова «Жетісу өңіріндегі орта білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлық» тақырыбында баяндама жасады. Ол білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық мәселелерін жан-жақты зерделеп, оның өңірдегі білім сапасына әсерін саралады. Біздің баяндамаларымыз қызу пікірталас тудырып, конструктивті пікір алмасуға негіз болды. Сондай-ақ ғылыми және практикалық қызметімізде қолдануға болатын жаңа идеялар тудырды. Тағылымдама кезінде құқық әлеуметтану кафедрасының түрлі ғылыми іс-шараларына қатысуға мүмкіндік алдық. Бірнеше қонақ дәріс, семинарларға және шеберлік сабақтарына қатыстық. Бұл бізге білімімізді тереңдетуге және Швеция, Ұлыбритания, Финляндия, Оңтүстік Африка, Гана, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркиядан келген жетекші сарапшылармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Осы іс-шараларға қатысу арқылы ғылыми көкжиегіміз кеңіп, жаңа трендтермен, зерттеу стратегиясының құралдарымен таныстық.

Тағылымдама кезінде бізге жағымды эмо-



зерттеулерге шығармашылықпен қарауға жетелейді. Лунд өзінің бай тарихымен ғана емес, көне архитектураны заманауи технологиялармен үйлестіріп, қаланың дамуына инновациялық тәсілдерді белсенді қолданатындығымен танымал. Дәстүр мен прогресстің таңғажайып бұл үйлесімі тулға ретінде жеке дамуға да тамаша негіз болды. Лунд - өмір сүруге де, жұмыс істеуге де өте қолайлы орта. Тағылымдаманың әрбір сәті тиімді пайдалануға мүмкіндік берген қала. Жаңа достар мен пікірлестер тапқан білім сыйлаған қала.

Біз жоба үйлестірушісі, профессор Рустамжон Уринбоевке және оның командасына тәжірибенің әр кезеңін тамаша ұйымдастырып, қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамыз. Тағылымдаманың әр күні тиімді жоспарланып, мұқият ойластырылғанын алғашқы күннен-ақ сезіндік. Әрқайсымыз өзімізді достық атмосферада және мақсатты команданың бір бөлігі ретінде сезіндік. Жетісу университетінің басшылығына да шынайы алғысымызды білдіреміз. Солтүстік Еуропадағы ең көне университетіндегі ғылыми тәжірибеміздің арқасында білімімізді тереңдетіп қана қоймай, құнды кәсіби байланыстар орната алдық. Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлем ғалымдарының алдында тұрған күрделі мәселелерді шешу үшін халықаралық ынтымақтастық пен пікір алмасу ауадай қажет екенін түсіндік. Бұл тәжірибе алдағы ғылыми-педагогикалық қызметімізде жүзеге асыратын жаңа идеялар берді.

Назгүл БАЙҒАБАТОВА,
тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры.
Әлия ҚАШАҒАНОВА,
жоба кеңесшісінің менеджері.



үлес қосуға арналған зерттеу.

Жобаны Еуропаның жетекші 9 университеті жүзеге асыруда: Лунд университеті (жоба координаторы), Чарльз университеті, Мармара университеті, Стамбул Медипол университеті, Цюрих университеті, Вильнюс университеті, Орхус университеті, Хельсинки университеті, Эстония бизнес мектебі және Орталық Азия аймағында жұмыс істейтін 10 серіктес – Өзбекстан Бас прокуратурасы, І.Жансұпрат атындағы Жетісу университеті. Құрылтай ғылыми-кеңес беру орталығы, «Төбгі күш» ҚБ, Қырғыз Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Іскерлік кеңес, Бішкектегі ЕҚЫҰ академиясы, Тәжік мемлекеттік сауда университеті, Ташкент мемлекеттік экономика университеті, Еуразиялық пәнаралық зерттеулер институты және Ташкенттегі халықаралық Вестминстер университеті.

Тағылымдама барысында біз басқа елдердегі әріптестерімізбен МОССА жобасы бойынша зерттеуіміздің алғашқы нәтижелерін бөлісуге және талқылауға тамаша мүмкіндік алдық. Мен, Назгүл Байғабатова «Этникалық оралмандардың Қазақстан азаматтығын алуда кездесетін құқықтық және саяси кедергілер» тақырыбында баяндама жасадым. Онда далалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, этникалық иммигранттар Қазақстан азаматтығын алу кезінде кездесетін негізгі құқықтық және әкімшілік кедергілерді,

ция сыйлаған жанымызда болған адамдар, қоршаған орта, және көркем қала Лунд болды. X ғасырда негізі қаланған, Швецияның оңтүстігінде орналасқан Лунд қаласы бай тарихи мұрасымен ерекшеленеді. Ғылыми жұмыс үшін де тамаша жағдай жасалған бірегей мәдени атмосферасы бар әдемі шаһар. Ортағасырлық керемет ғимараттар, швед және дат патшаларының резиденциялары, өйгілі Лунд соборы, көркем саябақтар және қаланың жайлы көшелері ғылыми



соның ішінде әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы жетістіктерінің арқасында әлемнің түкпір-түкпірінен студенттер мен ғалымдарды тартты. Қазіргі уақытта Лунд университетінде шамамен 47 000 студент және 8 800 оқытушы және ғылыми қызметкер бар. Лунд тек Швецияда ғана емес, бүкіл Солтүстік Еуропада танымал оқу орынының Біз Лунд университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Құқық әлеуметтану кафедрасында тағылымдамадан өттік. Бұл кафедра ғылыми-зерттеу тәжірибесіндегі соңғы өдіс - тәсілдермен танысуға, сондай-ақ Қазақстанда зерттеп жүрген өзекті әлеуметтік және саяси мәселелерді тереңірек

ИСПАНИЯНЫҢ ГРАНАДА УНИВЕРСИТЕТІМЕН КЕЛІСІМШАРТ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті академиялық, мәдени және ғылыми қарым-қатынасты нығайту мақсатында Гранада университетімен (Гранада қ., Испания) келісімшарт жасасты.

Гранада университеті 1531 жылы құрылып, ғасырлар бойы оқыту дәстүрін қалыптастырған, байырғы жоғары оқу орнының бірі. Аталған университет Испанияның тарихы мәдениетімен тығыз байланысы бар білім және ғылым орталығы.

QS WUR әлемдік рейтингінде Гранада университеті 431-орынды иеленеді. Негізгі

бағыттары: экономика, заң, ақпараттық технологиялар, психология, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары.

Екі университет ынтымақтастық аясында жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, академиялық ұтқырлық, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асырып, өзара тәжірибе алмасады.

Әлемдік деңгейдегі университетпен ынтымақтастық халықаралық байланысты нығайтып, одан әрі дамытуға жасалған маңызды қадам.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК-2025» ҚЫСҚЫ МЕКТЕБІ



І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 2025 жылдың 8-10 қаңтар аралығында профессорлық-оқытушы құрамының кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу мақсатында «Педагогикалық шеберлік-2025» қысқы мектебі ұйымдастырылды. Қысқы мектеп жұмысына Назарбаев университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Salbayev University профессорлары қатысып тәжірибелерін бөлісті. Білім берудегі жаңа трендтер, студенттер мен оқытушылардың академиялық жазу дағдыларын дамыту әдістері, оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдарын пайдаланудың тиімділігі, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби даярлау сынды мәселелер талқыланды.

Педагогикалық кадрлардың ғылыми әлеуетін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен кәсіби-дүлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында п.ғ.д., профессор Н.Абишев «Жоғары оқу орнындағы білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесуінің

ғылыми негіздері» атты дөңгелек үстел өткізді. Онда оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудағы білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесуінің өзекті мәселелері бойынша профессорлық-оқытушы құрамның пікірі тыңдалып, тыңдаушылар арасында талқыланды.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, п.ғ.к. Г. Қыдырбаева «ІР білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері мен пәндерді оқыту жүйесі» атты мастермайнд өткізді. Бұл шарада кафедра меңгерушілері және білім беру бағдарламасын құрастырушылар білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне тоқталып, ұсыныстарын айтты.

Практикалық бөлімде оқыту формалары, әдістері мен құралдарын жетілдіру бойынша факультеттерде секциялық отырыс болды.

Қазақстандық және шетелдік ЖОО оқытушылары, жұмыс берушілер және университеттің ПОҚ пәндерді оқытудың әдістемелік тәжірибелерін ұсынды. Тыңдаушылар ауқымын кеңейту мақсатында қысқы мектеп жұмысы ZOOM платформасы арқылы тікелей эфирде көрсетілді.

ХАКАТОН-2025 ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

Жетісу университетінің командасы Хакатон-2025 зияткерлік жарысына қатысып жатыр. Хакатон 2025 Қазақстанның жоғары оқу орындарының топ-менеджерлері мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдеріне «Сколково» Мәскеу басқару мектебі әзірлеген «FuturEdu Strategy Simulation» симуляциялық ойыны шеңберінде өз стратегияларын бірлесіп әзірлеуге, сынақтан өткізуге және нығайтуға мүмкіндік берді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы аталған зияткерлік жарысқа қатыса отырып, аналитикалық деректер мен тиімділік көрсеткіштеріне негізделген стратегиялық шешімдер қабылдауда өз құзырстың күшейтуде. Хакатон университеттің топ-менеджерлерінің кәсіби өсуіне және даму стратегиясын жетілдіруге тамаша мүмкіндік берді.



«ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІ КҮНІ» АКЦИЯСЫ

Жетісу облысы Әділет департаменті мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқық және экономика факультетінің құқықтық пәндер кафедрасы заң клиникасының ұйымдастыруымен «Тегін заң көмегі күні» акциясы өтті.

«Тегін заң көмегі күні» акциясы «Заң және тәртіп» қағидаттарын ілгерілету мақсатында ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты – жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде тегін құқықтық көмек көрсету.

Акция барысында азаматтар әділет

органдарының құзыретіне жататын сұрақтар бойынша адвокат, нотариус, заң консультанттары мен жеке сот орындаушыларынан құқықтық кеңес алу мүмкіндігіне ие болды.

Құқықтық сауаттылықты арттыру – құқықтық пәндер кафедрасы заң клиникасының және әділет органдары қызметінің басым бағыттарының бірі. Осы бағытта Жетісу облысының Әділет департаменті мен Құқық және экономика факультетінің құқықтық пәндер кафедрасының заң клиникасы халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.



БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ КУРС

Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы 2025 жылғы 13 қаңтар мен 25 қаңтар аралығында «Білім берудегі жасанды интеллект: оқытушыларға арналған практикалық курс» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсын өткізді. Курс тыңдаушылары оқуды жақсарту және білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін пайдалануы мүмкін ЖИ негізгі тұжырымдамалары және құралдарымен танысты. Оқыту барысында оқытушылар кері байланысты автоматтандыруға, деректерді бағалауға

және талдауға арналған ЖИ құралдарын игерді, студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеретін дидактикалық материалдарды құруды, білім беру мазмұнын, соның ішінде бейнелерді, мәтіндерді және көрнекі материалдарды әзірлеу үшін генеративті нейрондық желілерді қолдануды үйренді. Осы бағдарлама бойынша курстан 31 оқытушы өтті. Курсты Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының оқытушы-дәріскері Рима Абдуалиева жүргізді.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Емберген Зарина Қарағанды қапасында өткен «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» жалпыұлттық байқауынан жүлдемен оралды. Сайысқа 18-35 жас аралығындағы жас

ғалымдар, оқытушылар және білімгерлер қатысты.

Ақтық сайыста ЖОО-ның 3 ғалымы және Зарина Емберген сайысқа түсіп, жүлдегі II орынды иеленді. Ғылыми жетекшісі – ҚТӘ оқытушы-дәріскері, PhD Шүкенай Гүлім Топеуқызы.

Экологиялық мәселелер адамзат дамуының барлық кезеңдерінде маңызды болып табылады, сондықтан адамзаттың табиғатқа кері әсері ғаламдық сипатқа ие.

Экологиялық мәселенің мәні – табиғатта қалыптасқан тепе-теңдікті сақтай отырып, адамзаттың өмір сүруіне қажеттіні қамтамасыз ету.

1987 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының дүниежүзілік қоршаған орта және даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Алғаш рет «Тұрақты даму» тұжырымдамасы ұсынылды. 1992 жылдың маусым айында «Тұрақты даму» тұжырымдамасы мен «XXI ғасырдың күн тәртібіне» атты ауқымды бағдарламасы қабылданды. Ал 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер бекіткен тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) барлық елдерді Жаһандық серіктестік рухында шұғыл шаралар қабылдауға үндеді.

Тұрақты Даму Тұжырымдамасы кедейлікті, аштықты жою, білім беру сапасын арттыру, климаттың өзгеруіне қарсы күрес арқылы қоғамның ғана емес, бүкіл планетаның әлауатын арттыруға бағытталған. Тұжырымдамаға сәйкес 17 тұрақты даму мақсаттары анықталған, ол 2030 жылға дейін



START-UP ЖОБАЛАР

АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш компонентті біріктіру арқылы жетуге тиіс. Осы үш компонентті пайдалана отырып тұрақты дамуға мынандай анықтама беруге болады: «Тұрақты даму – бұл қоршаған ортаға қолайлы, әлеуметтік әділетті және экономикалық тұрғыдан мүмкін болатын даму».

Елімізде тұрақты дамудың белгіленген 17 мақсатына жету жолында жұмыстар үдайы атқарылуда және оны жүзеге асырудың тиімді әдістері мен жолдары кеңінен қарастырылуда.

Қазіргі таңда білім беру үрдісі тұрақты дамудың негізгі құралы болып табылады. Әйткені, тұрақты даму құндылықтарын балаларға да, ересектерге де түсінікті етіп белгісу үшін білім қажет.

Тұрақты даму мен білім берудің өзара байланысын бірнеше бағыттарда жүзеге асыруға болады:

- Білім беру жүйесіне ТДМ интеграциялау - бұл білім берудің ең төменгі деңгейінен бастап білім беру стратегиялары мен оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізуді жүзеге асыру.

- Тұрақты дамудың маңыздылығы туралы халықтың түсінігі мен хабардарлығын арттыру мақсатындағы іс-шараларды ұйымдастыру.

- Тұрақты дамуға көшуге қажетті арнайы бағдарламалар мен кадрларды қайта даярлауды ұйымдастыратын мамандарды (оның ішінде педагогтерді) әзірлеу.

- Бұл бағыттарды жүзеге асырудың маңызды әдісі ретінде стартапты қарастыруды ұсынамыз. Себебі стартаптар бастаушы жобалар ретінде тұрақты даму қандаттарын ұстана алады және сол арқылы қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға баға жетпес үлес қоса алады, әлемді жақсы жаққа өзгертуге бірегей мүмкіндік бәр.

- Осы орайда біздің «Zhansugurov college» Start-up жобалар арқылы білім беру бағдарламаларына тұрақты дамуды интеграциялау бағытындағы тәжірибесіне тоқталамыз.

- Start-up жобалар арқылы білім беру бағдарламаларына тұрақты дамуды интеграциялау бағытындағы жұмыстардың негізгі мақсаты: студенттердің жаһандық мәселелер туралы ақпараттану деңгейін көтеру, ғылыми теориялық білім негізінде тұрақты даму мәселелерінің маңыздылығын түсіндіру.

- Міндеттері:

- Болашақ маманның белгісіздік жағдайында шешім қабылдау үшін маңызды жүйелі және стратегиялық ойлау, этикалық және белсенді ойлау, ынтымақтастыққа дайын болу, коммуникативтілік дағды сияқты құзыреттерін қалыптастыру, дамыту.

- Әртүрлі пәндерде алған білімді біріктіру және оны өмірлік жағдайларға қолдану мүмкіндігін қолдана отырып, өзгерістерге бейімделуге және күрделірек шешімдер қабылдауға машықтандыру.

- Жаһандық мәселелерге студенттердің көңілін аудару, шешу жолдарын қарастыруға ынталандыру;

- Жұмыс берушілермен қоғаммен байланыс орната отырып стартап жобаларды байқау, сыннан өткізу барысында заман ағымына сай әрекет ететін, әлемдік мәселелерді шешуге ұмтылатын мамандар даярлауға қатысу;

- Студенттердің зерттеу жұмыстарымен айналысуға, экологияны қорғау, сақтау және үнемді пайдалануға бағытталған өміршең жобаларды ойлап табу және оларды жүзеге асыруға қызығушылықтарын туғызу;

- Экологиялық мәселелерді шешу өз айналасынан бастау алатындығын түсіндіре отырып теориялық білімін практикамен байланыстыруға жетелеу;

- Ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға, іргелі зерттеулерге қатысуға қызығушылықтарын тудыру; ғылыми шығармашылық қабілеттілігін арттыру;

- Соңғы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып адамзатқа

пайда келтіретін жобалар жасауға қатыстыру;

- Қоршаған ортаға қамқорлық жасау ғана емес, ұзақ мерзімді перспективада дамытын бизнес-идеяларды құруға қолдау көрсету.

Қазіргі уақытта колледж білімгерлері даярлаған стартап жобалар кең ауқымды. Қоршаған ортаны қорғауға, қалдықтарды жинауға және қайта өңдеуге, экологиялық әдеттерді қалыптастыруға бағытталған қызметті жүзеге асыратын және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тең дәрежелі өмір сүру құқығын сыйлайтын жобалар саны жыл санап артып келеді.

Тұрақты даму мақсаттары жүзеге асырудың жолдарын қарастыратын жобаларды талдап көрейік.

1. «Қалдықтарды көдеге жарату және қайта өңдеу» немесе «СирLife» жобасы тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар, әсіресе қағаз қоқыстарын қайта жаратудың жолдарын қарастырады.

Статистикаға сәйкес, макулатура әлемдегі барлық қатты тұрмыстық қалдықтардың шамамен 40% құрайды. Infombugo деректеріне сәйкес әзірге Қазақстанда пайда болған макулатуарының тек 20% ғана қайта өңделуде.

«Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының деректері бойынша 2022 жылға қарай Қазақстанда 43 млрд тоннадан астам өндіріс және тұтыну қалдықтары жинақталған, оның тек 9% ғана қайта өңделген.

Қазақстанның буып-түюшілер салалық қауымдастығының зерттеулеріне сәйкес, қазақстандық бір тұрғын ай сайын шамамен 13 келі қағаз тұтынады екен. Бірақ, сұрыптау және жинау пункттеріне макулатуарының 5% ғана жетеді.

Тұтынушы субъектілер көбіне қағаз қалдықтарын қайта өңдеу немесе қабылдау мекемелеріне емес, қоқысқа тастағанды жөн көреді. Сол себепті қоқыс полигондарында макулатура қалдықтары көп кездеседі және ауаға парниктік улы газдардың таралуына өкпел соғады.

Аталған деректерге сүйене келе жобаны ұсынушы студенттер қағаз қалдықтарынан қайта өңдеу арқылы эко-вазалар, стакан-дар, үй жануарларына арналған толтырыштар дайындауды ұсынады. Бұл жоба арқылы ТМД-ның он екінші «Жауапты тұтыну және өндіріс», он бесінші «Құрлық экожүйелерін сақтау» мақсаттарын шешудің жолдарын қарастырады.

2. «Денсаулық кілемесі» жобасы қалдықтарды қайта өңдеуді креативті жолын ұсынады. Әдетте, пластик өндірісінен бастап көдеге жаратылғанға дейін қоршаған ортаға елеулі зиян келтіреді. Пластикалық өнімдерді шығаратын зауыттар жылына атмосфераға 400 млн. тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады және бұндай жануарлардың шамамен 800-дей түрінің пластикті жеп қиыныа байланысты және пластикпен улану салдарынан жойылып кету қаупі төніп тұр. Пластмасса қоқыстар, туризм саласына зиян келтіре отырып, демалуға арналған орындарды, жағалауларды пастайды.

Мұхиттардағы пластмассалар, әдетте, жыл бойында ыдырайды, бірақ толықтай емес және бұл процесс барысында бифенол А және полистирол сияқты улы химикаттар бөлінеді.

Пластиктің екі жүз жылға жуық уақытта ыдырайтындығы белгілі. Пластмассалар жерге түскенде ұсақ бөлшектерге ажырайды да, қоршаған ортаға химиялық заттарды бөле бастайды. Жер асты сулары арқылы пластиктің ұсақ түйіршіктері және оның химиялық заттары ең жақын су көздеріне түседі, бұл жануарлардың жаппай қырылуына әкеледі.

Бұл жоба экологиялық қозғалыстарды дамытып, қоғамда экологиялық сана мен жауапкершілік саласындағы әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді. Қоқысқа тасталатын пластик қақпақтардан пайдалы өнім жасау - экология саласындағы маңызды инновациялық қадам бола отырып ТДМ он екінші «Жауапты тұтыну және өндіріс», он төртінші «Теңіз экожүйелерін сақтау», он бесінші «Құрлық экожүйелерін

сақтау» мақсаттарын шешудің жолдарын қарастырады.

3. «Ynga, өзіне қайта сен» жобасы - бұл мүмкіндігі шектеулі жандарға көпқабатты үйлерде өз күштерімен көтерілуге, тар масштабта орналасқан бөлмелер арасында қозғалуға мүмкіндік береді. «YNGAI» жобасы - толықтай сақтандыру бөлшектерімен қамтылған, жазылмалы дизайнға ие.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес - Қазақстандағы 68% жуық көп қабатты үйлер арнайы лифтімен қамтамасыз етілмеген.

Егов электронды порталына ресми тіркелген Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі жандардың саны – 692 350 құраса, Жетісу облысында мүмкіндігі шектеулі 3 376 адам бар.

«YNGAI» өзіне қайта сен жобасы ТДМның бірінші «Кедейлік жою», үшінші «Денсаулық және әл-ауқат», сегізінші «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» сынды бағыттарын шешуге арналған. Себебі, еңбекке қабілетті жастағы халықтың арасында 400 миллионға жуығы жүру мүмкіндігінен айырылғандар. Олардың 78% жұмыспен қамтылмаған. Жоба өнімін арбада отырған Стебляков Николай есімді азамат қолданып жоғары баға берді.

4. «Ауылмед: денсаулыққа бастаушы» – егде жастағы қарт адамдарға арналған медициналық көмек көрсету жобасы. Stat.egov порталының мәліметі бойынша 2024 жылдың басында Қазақстанда 2,7 млн егде адам тіркелген. Олардың арасында қант диабеті, обыр, жоғары қан қысымы, бауыр және өт жолдары ауруларымен ауыратындар, сонымен қатар егде жаста жалғыз өмір сүретін денсаулығына байланысты және жасының егде тартуына орай уақытылы медициналық көмек алуға мүмкіндігі жоқтар өте көп. Әсіресе бұл мәселе ауылдық жерлерде өзекті саналады. Ұсынылған жоба мобильдік қосымша арқылы жүзеге асырылып, ТДМ үшінші «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» бағытын жүзеге асыруды көздейді.

5. «Әмібебап киіз үй» жобасы – ТДМ-ның төртінші «Сапалы білім беру» мақсатына сәйкес келеді. Бұл білім беру жобасы мектепке дейінгі балаларға арналған.

Бала өмірінің мектепке дейінгі кезеңі адамның дамуы үшін ең тиімді кезең болып табылады. Осы кезеңде «жіберіп алған бос уақыт» бапаның дамуы үшін де, жалпы экономика үшін де көрі салдарын тигізеді.

Қазақстанда ECERS-R сапаны бағалаудың халықаралық шкаласы бойынша балабақшаларда өткізілген зерттеу 7 балдық шкала бойынша 4,1 балл деңгейін көрсетті, бұл «орташа сапа» бағасына сәйкес келеді. Текештер, математика, ойын табиғат/ғылым, музыка/имитация, өнер, ұсақ моторика және т.б. көрсеткіштер бойынша «Белсенділік түргері» кіші шкаласы бойынша балдар ең төмен екені «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысына баяндалды. Осыған орай қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктерімен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету мәселесін шешу мемлекет деңгейінде мәселе ретінде қойылды.

Аталған жоба трансформацияланатын сипаттағы ойын құралы арқылы балаларға ұлттық тәрбие беру, бала дүниетанымын кеңейтуге арналған.

Қорыта айтқанда, біздің Start-up жобалардың қай-қайсысы болмасын тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға арналғы әзірленеді, идеялар білім беру бағдарламаларын оқыту барысында туындайды, оқытушыларымыз ғылыми жетекшілікті талапқа сай жүргізе отырып сапалы маман әзірлеу ісіне зор үлес қосуда.

Біздің бұл бағыттағы жұмыстарымыздың тиімді ұйымдастырылуына нәтижесінде Start-up жобалар түрлі деңгейдегі байқауларда жеңімпаз атануда. Ең бастысы, тұрақты даму принциптерін білетін және оларды өмірде, жұмыста жүзеге асыратын тұлғаларымыз аймақты өзгертудің белсенді субъектілеріне айналуда, олар еңбек нарығында бөсекке қабілетті, әлемдік трендтерді ұстануда және өз елінде дамудың озық тәжірибесін енгізуге дайын.

Бақыт ЖАНУЗАКОВА,
«Zhansugurov college» директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Алмас ОМАРОВА,
«Zhansugurov college» оқытушысы.



қарым-қатынасты тудырады, жағымды ахуал қалыптастырады. Яғни топтағы әр магистрант өз есімдеріне қатысты ерекше мәліметтерді келтіре отырып өздерін топқа және қонақтарға таныстырады. Магистрант Узбекива Бақытжан «Есімдер құпиясы» әдісіне сай кураторына және курстарына арнап бірнеше өлең жолдарын келтірді.

Хапиза сен жүрекке нұр сыйлаған,
Арманы биік шыңдарға ұмтылған.
Есімің терең мағына жасырған,
Жарық сауле болар жолда ашылған.

Раушан, есімің – әсем гүл,
Жүзінде нұрлы әлем тұр.
Жүрегің толған мейірім,
Асқан адамгершілік бұл.

Мөлдір, көздерің тұнық көк аспан,
Жанымда жүр жақсы адам.
Қиындықтан қашпаған,
Өміріңде сәтті болсын әр қадам!

Гаухар, сенің есімің – асыл тас,
Жарқырап көзге көрінер.

• Дене қозғалыстары арқылы өзін-өзі білдіру. Би терапиясы дене қозғалысы арқылы өз эмоциясын, ойын және сезімін білдіруге мүмкіндік береді.

• Кешенді дамуға әсер ету. Би физикалық, эмоционалдық және когнитивтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

• Шығармашылық қабілеттерді арттыру. Би терапиясы қатысушылардың қиялын, шығармашылық ойлауын, эстетикалық талғамын жетілдіреді.

• Эмоционалдық тұрақтылықты қолдау. Би терапиясы стрессті азайтып, қатысушылардың психологиялық әл-ауқатын жақсартады.

Мақсаты – эмоционалды тепе-теңдікті қалпына келтіру, шығармашылықты дамытуға және физикалық денсаулықты нығайтуға көмектесу. Би терапиясын сабақта қолдану білім алушылардың жалпы дамуына, эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Би терапиясын сабақта қолданудың тиімділігін арттыру үшін сабақ жоспарын мұқият құру қажет. Бұл әдіс қазіргі заманғы білім беру

АРТТЕРАПИЯ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Психология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Хапиза Наубаева «Болашақ маманды даындауда артпедагогика және арттерапия» пәнінен «Педагогика және психология» мамандығының магистранттарына ашық сабақ өткізді. Ашық сабақтың тақырыбы «Білім беру мекемелерінде арттерапия әдістерін пайдалану». Арттерапия әдістерінің білім беру процесіндегі маңызды рөлі психологиялық және оқу мүмкіндіктерін дамытуға әсері тиімді көрсетілді. Практикалық сабақта көрсетілген техникалар білім беру мекемелерінде арттерапия әдістерін енгізудің жоғары әлеуеті анық байқалды және техникаларды қолданудың жолдары көрсетілді.

Ашық сабақтың басында Х.Т. Наубаева, А.Т. Мамекованың Арттерапия: теория мен практика оқу әдістемелік құралының тусуа кесер рәсімі өтті. Бөлімгерлерге, магистранттар мен докторанттарға арналған

көмекші құралды оқу процесінде кеңінен пайдалануға болады.

Ашық сабақтың негізгі мақсаты білім беру мекемелерінде арттерапия әдістерін пайдаланудың тиімділігін дәлелдеу және оны іс-жүзінде қолданудың түрлі аспектілерін көрсету болған. Сабақ барысында арттерапияның негізгі әдістерін қолданудың түрлі жолдары тәжірибе жүзінде көрсетілді. Білім алушылардың психологиялық жай күйіне, оқуға деген қызығушылығына, шығармашылық қабілеттері мен коммуникативтік дағдыларына арттерапия әдістерінің тиімді әсері талқыланды.

Ашық сабақ «Көркем шығарма терапиясынан» бастау алды. Бұл терапия адамдардың ішкі сезімдері мен ойларын шығармашылық арқылы білдіруге негізделген психотерапиялық әдіс. Негізгі мақсаты эмоцияларды тану және оларды дұрыс жеткізу. Осы терапия аясында ашық сабақтың таныстыру бөліміне «Есімдер құпиясы» деп аталатын әдісті тандадық. Бұл әдіс топ ішіндегі өзара



Көзінде жарық сауле бар.
Жақсылықпен өмір өрілер!

«Бейнелеу өнері» терапиясын магистрант Нұржаубай Гаухар жүргізді. Бейнелеу өнері терапиясы адамның ішкі сезімі мен ойын бейнелеу өнері арқылы зерттеуге, өмдеуге және ішкі ойын сезінуге бағытталған психотерапиялық әдістердің бірі. Бейнелеу өнері терапиясына «Майшаммен сурет салу» әдісін алдық. Әдіс барысында қатысушылар А4 параққа майшаммен ішкі сезімі қалаған суретін салып, үстінен түрлі түсті бояумен бояйды. Нәтижесінде түрлі-түсті бояумен боялған жерден майшаммен салған сурет шығады. Бұл әдістің ерекшелігі қатысушылардың қандай сурет салғысы келгені мен нәтижесінде қандай сурет шыққаны, сонымен қатар түрлі-түсті бояуларды дұрыс пайдалануында болып табылады. Қатысушылар «Майшаммен сурет салу» әдісінен алған әсерлерін өзара бөлісіп, қуанышқа бөлене білді.

Ашық сабақ барысында сергіту сәті ретінде «Би» терапиясын алдық. Бұл терапия психотерапия мен дене жаттығуларын біріктіретін әдіс, адамның психологиялық және физикалық жағдайын жақсартуға бағытталған. Ол дене қозғалыстары, би, ырғақ пен экспрессивті қимылдар арқылы ішкі эмоцияларды сыртқа шығаруға, стрессті жағдайларды жеңілдетуге және өзін-өзі түсінуге көмектеседі. Би терапиясының ерекшеліктері:

үрдісінде ерекше маңызға ие. Би терапиясын сабақ барысында қолдану үшін бейнежазбадағы ою өрнектерді қолмен көрсету түрін тандадық. Суреттегі ою өрнектерді қимылмен көрсету арқылы қатысушылар сергіп, жағымды эмоциялық әсер алды.

Магистрант Ғалымжан Ақерке белсенділік танытып келесі әдіс «Ермексазбен бейнелеу» терапиясын көрсетті. Ермексазды пайдалана отырып, белгілі бір тақырыпқа сай бейнелер жасайды және соңында нәтижесін талдайды. Бұл әдіс шығармашылық қабілетті дамытудың қолдың ұсақ моторикасы мен қиялды жетілдірудің, сондай-ақ топтық жұмысты ұйымдастырудың тиімді құралының бірі. Яғни қатысушылар екі топқа бөлініп, «болашақтағы қала» және «ертегі әлемі» атты тақырыпқа сай түрлі түсті ермексаздарды пайдалана отырып, бейнелер жасайды. Әдіс барысында топтық жұмыстың қаншалықты тиімді ұйымдастырылғанын байқауға болады. Сабақ өте қызықты әрі өнімді өтті. Қатысушылар өз идеяларын ермексаз арқылы ерекше бейнелеп, шығармашылық қабілеттерін оятып, қиялдарына ерік берді. Мұндай сабақтар білім алушылардың көркемдік қабілеттерін дамытып қана қоймай, оларды болашаққа деген сенімге, жаңашылдыққа және ұжымдық жұмысқа баулиды.

Келесі әдіс заман талабына сай



құрастырылған «Жасанды интеллект» әдісі деп аталды. Бұл әдісті Тарабанова Надежда дайындап келді. Қазір адамдар түрлі гаджеттерсіз, смартфондарсыз, компьютерлік бағдарламалар мен жасанды интеллектсіз өмірін елестете алмайды. Әлемдегі бұл өзгерістерді педагогтар мен психологтар жұмысы барысында ескермеу мүмкін емес, сондықтан қазіргі шындыққа бейімделіп, осы заманауи технологиялардың дамуын тиімді пайдалануды үйрену қажет. Жасанды интеллектті қолдану арқылы жасалған коррекциялық әңгімелерді арт-терапияда қолданудың мақсаты эмоционалды, психологиялық және мінез-құлықтық қиындықтарды қауіпсіз, шығармашылық және интерактивті түрде зерттеуге және жеңуге көмектесу. Практикалық сабақ кезінде түзетуші әңгімелер құру үшін жасанды интеллектті пайдалану тиімді екеніне көз жеткіздік. Барлық студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуы байқалды, бұл бірнеше себептерге байланысты болды. Мысалы, көптеген студенттерге суреттер бойынша әңгіме құру тапсырмасы ұнады, себебі суреттер өте жарқын болды. Екінші себеп – студенттер өз қиялдарын қолданды. Үшінші себеп – бұл әңгімені жасанды интеллект құрастырғаны туралы ақпарат болды, және қателік болған жағдайда студенттер өз пікірін қорғауға дайын тұрды.



«Көңіл – күй бетпердесі» жаттығуын Ахмешова Раушан сабақтың соңында кері байланыс және қорытынды әдіс ретінде ұйымдастырды. Бұл әдісті таңдағанымыздың себебі, бетперде – адамның шынайы бейнесін жасыратын немесе оның ішкі дүниесін айқындайтын символ. Арт-терапияда бетперде жасау – адамның ішкі әлемін көрсетуге мүмкіндік беретін шығармашылық үрдіс. Бұл әдісті қолдану, адамның өз эмоцияларын, қорқыныштарын, армандарын немесе күйін көрнекі түрде бейнелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бетперде жаттығуы арт-терапияның ең қолданбалы әдістерінің бірі. Осы әдісті психологиялық тренингтерде, шығармашылық сабақтарда және жеке даму курстарында да қолданады.

«Көңіл – күй бетпердесі» жаттығуының мақсаты:

- Ішкі эмоциясын еркін көрсету;
- Адамның өз эмоциясын түсінуі және қабылдауы;
- Күрделі эмоцияларды шығаруға

көмектесу.

Жаттығу өткізілмес бұрын тапсырманы орындауға алдын ала қажетті материалдар: А 4 қағаздары, фломастерлер, маркерлер және магниттер дайындалып және сабаққа қатысушыларға төмендегідей бетперде шаблондары үлестірілді.

Жаттығу сабақтың соңына қарай өткізілетін болғандықтан, топ магистранттары және сабаққа қатысқан оқытушыларға әртүрлі адам бейнеленген бетперде шаблондарына өз беттерін салу ұсынылды. Әркім өз бетпердесін сабақтағы ішкі сезімдеріне немесе эмоцияларына және сабақтан алған әсерлерін кері байланыс ретінде сәйкес бояп, бейнеледі. Бұл жаттығу адамның жеке сезімі мен эмоциясын көрсетуге арналғандықтан әркім тапсырманы жеке-кеңірек орындады.

Топтағы магистранттар мен келген қонақ оқытушылар өздеріне берілген бетпердесін таныстырып, ол бетпердеде қандай сезімді, көңіл-күйді және эмоцияларды көрсеткенін түсіндірді. Бейнеленген бетперделердің көбісі жағымды эмоция мен сезімді, яғни, риза болу және қуану секілді көңіл-күйді көрсетті, демек сабаққа қатысқан әрбір магистрант пен қонақ жақсы көңіл-күйде отырды.

Арт-терапияның ең тиімді әдістерінің бірі ретінде «Бетперде» әдісі кішкене балалардан бастап ересектерге дейін қолдануға сәйкес келеді. Қандай жастағы адам болмасын арт-терапияда бетперде жасау ол шығармашылық үрдіс, осы жаттығу арқылы адам өзінің ішкі әлемін зерттеуге тырысады, бетпердені бейнелеу арқылы көз – көпген адамның қиялы мен шығармашылық қабілеттері арта түседі. Ашық сабақ соңында тақырып бойынша ғылыми практикалық негізде талдау жасалды.

Білім мен тәжірибені ұштастыра білген Хализа Танирбергеновқызы әрбір дәрісінде «Әуелі әдеп үйрен, сосын барып білім ізде», «Білім мен тәрбие құстың қанаты секілді»- деген нақылды үнемі айтады. Осынау қағиданың қастерлі астарына үңілсек, әрбір магистрант лайықты білім, тәрбие алып шығуы ұлағат иелерінің тілегі деп түсінеміз.

Мәлдір ИМАШЕВА,
Педагогика және психология
факультетінің 2-курс
магистранты.

АРТ – ТЕРАПИЯ: ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКА

Хализа Наубаева мен Асел Мамекованың «Арт-терапия: теория мен практика» оқу әдістемелік құралы жарық көрді.

Бұл оқу-әдістемелік құрал арт-терапия ғылымының пән ретінде жаңадан оқу үрдісіне қарқын алып келе жатқанына орай көмекші құрал ретінде ұсынылған. Педагогика және психология бойынша білім беру бағдарламаларының қолданыстағы стандартына және бакалавриаттардың білім беру бағдарламаларында ЖББ циклінің міндетті компоненті ретінде «Педагогика және психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері», магистратураның білім беру бағдарламаларында «Болашақ маман дайындаудағы артпедагогика және арт-терапия» пәндерін өңдеуге арналған құралы. Оқу-әдістемелік құралда арт-терапияға жалпылама теориялық түрде сипаттама, терапия түрлері және арт-терапиялық жаттығулары, жағдаяттар, педагогикалық және әлеуметтік жұмыстағы психологиялық көмектің өзіндік әдісі қарастырылған. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік құралда теория мен тәжірибенің ұштасқанын байқауға болады. Терапия түрлеріне жалпылама теориялық түрде мәліметтер берілген және алған теориялық білімді тәжірибе түрінде іске асыруға үлкен жағдай жасалған.

Хализа Наубаева мен Асел Мамекованың аталмыш оқу құралы жөнінде әріптестері пір білдіріп, оқулықтың маңыздылығына тоқталды.

«Арт-терапия: теория мен практика» оқу-

әдістемелік құралында авторлар артпедагогика және арт-терапияның теориялық және практикалық аспектілерін қамтыған. Бұл еңбек өзекті деген тақырыпшаларға жіктелген, оқу үдерісіне өте қажет, маңызды әрі мазмұнды, қызықты еңбек екендігін аңғардық. Арт-терапияның тарихынан бастап қазіргі кезеңдегі қолданысы, арт-терапия әдістерін қолдануда психологиялық кеңес берудің маңызы, арт-терапияның түрлері мен қызметі, психологиялық тренингтер қамтылған оқу-әдістемелік құрал осы саланы зерттеуші ғалымдар және білімгерлерге ғана емес өзге маман иелері мен көпшілік оқырманға өте қызықты еңбек деп ойламын»-деді қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері, ф.ғ.к. Гүлнар Сырлыбаева.

Сонымен қатар әріптестері Хализа Наубаеваның магистранттарға өткізген «Болашақ маманды дайындауда артпедагогика және арт-терапия» пәнінен ашық дәрісіне де жоғары баға берді. «Дәріс барысында білім берудегі арт-терапияға аса зор мән берсе отырып: Керемет шығарма терапиясы, Көңіл-күй терапиясы, Бейнелеу өнері терапиясы (майшаммен сурет салу), Би терапиясы, Ерімексәзбен бейнелеу әдісі («Ертегілер әлемі. Болашақ қала» тақырыптарында бейнелеу). Жасанды интеллект терапиясын қолданды. Сурет арқылы әңгіме құрастыру сияқты кезеңдік тапсырмалар негізінде дәріс тақырыбы жан-жақты ашылды».



30 ҚАҢТАР – ЖЫР ҚАҒАНЫ ЖҰМАТАЙ ЖАҚЫПБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Қайран аға

Ғұмыр бойы шаршап күткен таңы атпай,
Өкініш алды-артына қаратпай...
Ғарыш жаққа кетіп қалды Жұматай,
Көпшіл еді, миңшыл орта жаратпай.

Өлеңшінің қайғысы кем, басы амаң
Жұматайлар ұнамайды аса оған...
Бір әдемі Ақын ұшып барады,
Ақын да бір періште ғой, Жасаған.

Көзімде жас, көңілімде нала-мұң,
Керемет жарқ етті ғой даланың.
Түнде жапа түс көрдім мең түсімде
Алатауға қарай кетіп барамын...

Есенқұл ЖАҚЫПБЕКОВ



жырына қосқан

Қазақ өлеңіне ерекше нақыш өрнек
өкелген жауһар жырлар иесі, ақын Жұматай
Жақыпбаевтың туғанына биыл 80 жыл
толып отыр. Жұматай ақын кезі тірісінде-
ақ замандастарының, аға буынның ерекше
күрметіне ие болған. Ол итальян ақыны
Ф.Петрарканың Лаурасы сынды қазақ
өлеңіне мұзасы «Лейлені» ескерткіш қып
қалдырды. Ғұмыр бойы Лейлені жырға
қосқан ақынның кезі тірісінде «Саратан»,
«Лейла», «Шұғылық гүл төркіні» деген үш
жинағы жарық көрді. Көйін ол дүниеден
өткен соң «Көктемгі хаттар», «Лейла»,
«Көнежирен» деген жыр жинақтары әртүрлі
баспалардан шықты.



Сарноқайды сазына қосқан Жұматай
Жақыпбаевтың туғанына 80 жыл.

Тағдыры Лейла деп лаулап, сезімге топы
сырлы өлеңдері жүректерді жандырған
шайырдың мерейлі жасы жай ғана той емес
алаша үстінде алты алаштың торқалы тойы
деп білемін.

Жалпы Жұматай ата туралы ауыл
үлкендері, көзін көрген замандастары жиі айта-
тын өзін де жасымынан қапam тартып ақындық
өнерге бет алғалы өлеңдерін сүйіп оқимын.

“Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде”,
“Көнежирен”, “Лейла”, “Күстар-күстар”,
“Сарноқай саздары” және тағы басқа
өлеңдерін сүйіп оқимын және өзімнің
қаламынан төгілген Түңгі сыр атты өлеңім
Жұматай Жақыпбаевқа арналды. Бұл менің
ақын атын ұлықтағанымның айқын белгісі.

Айта кететін бір жәйт Жұматай атамын
сөзіне жазылған композитор Ағайша
Шермұхамбетқызы Исагулова апамының
Көктер анін сүйіп тыңдаймын. Тыңдарманын
бейжай қалдырмайтын рухты өн. Осы тұста
сәті түскен бір оқиғаны баяндай кеткенді күл
көріп отырмын. Өткен жылы жырдың жеруығы
болған ауылымыздағы Жетісу орта мектебінің
қазақ тілі кабинеті ақынның атымен аталып
маған сол шараға қатысу бұйырған еді.
Қуанышыма шек болмады өз өлеңдерімді
оқыдым, сөзіме жазылған Ағайша апамының
«Арманға жетемін» әні өмірдегі ән ағам
Өркен Фридановтың орындауында шырақалып


халықтың ыстық ықыласына бөлендік. Ауыл
іші толассыз қуаныш пен арқа-жарқа той
мен тарихқа тағылым еткеніме өте қуандым.
Осы іске бастамашы болған ақын Сайлаубай
Тойлыбаев атам мен композитор Ағайша
Исагулова апама айтар алғысым шексіз.

Кейде отырып ойлаймын, қазіргі жастар
әлеуметтік желіге әуес болмай кітап оқыса
аңыз адамдарымыз ұмыт болмас еді-ау...

«Әкімдіктен ақындық шең жоғары» деп
Жұматай ақын өзі айтқандай қазіргі қоғамда
ақын жанының алауын жағып өлең түсінетін
жан қалды ма? деген сұрақ есті оқырманы
мазалайтынына шүбәм жоқ. Көпке топырақ
шашу жөн болмас қазіргі кезде ішкі жан
дүниесінде поэзияға деген махаббаты маз-
дап тұрған адамдарды кезіктіруге болады,
бізге яғни ақындарға шабыт беретін солар.

Тірі болса сексеннің сегізінше шығатын
Жұматай Жақыпбаевтың өр жазған жыры тау
сұғұндай тасқынды таңғы тамшыдай мөлдір.
Тағдырым ұқсамаса да ақындығым ұқсас кел-
се ең бақытты жан болар едім.

Жыр жақұты Жұматай қырықтың
қырқасынан асып дүние салса да өлеңдері
мәңгі қалды.



Жәнібек ЕМБЕРГЕН,
1-курс студенті.

МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП

«СӨЗ МЕНЕДЖМЕНТІ»
– ӨЗ МЕНЕДЖМЕНТІҢ

Сөз – күш. Оны оқтай жаудырам десеңіз
де, оттай жандырам десеңіз де өз еркіңіз.
Бұл телегей теңіздей құдірет тек адамзатқа
ғана табысталған. Ал сол мұра болып бізге
жеткен сағр алтындай сөз қадірін бірі білсе,
екіншісі біге бермейді. “Сөз менеджменті” –
өз менеджментің деуім. Менеджмент – басқару
болса, сөзінді басқарғаныңыз, бұл өзінді
басқарғаныңызбен, өз өміріңізді өзгертумен
теге-тең.

Мені өзінің “Айтыс” шеберханасынан 5
жыл оқытып, қызыл куәлікпен түгел ұшырған
Айтақын Бұлғақов болатын.

Аталмыш мерзім аясында талай айтыс
додаларға барып, сөз арқылы халықтың
ерексіз ду қол шапалақ соққыған мықты
ақындардың бірінен бірі оза шағқанына куә
болып, тамсанатынбыз. Сахнаға шығып,
айтыстың дәмін де татып көрдік. Сөзге де-
ген құлшынысымыз да минут сайын артатын.
Минут демекші, Айт ағайым ұйқас табындар
деп бір сөз беретін егер кімде-кім 1 минуттан
көп сөйланып қалатын болса, ол шәкірттің
ұтылғаны. Осылайша бізді жылдам әрі дұрыс
сөз таба білуге баулитын. Сөйтіп жүріп, өнер
мектебін де төмамдадық. Осындай рухани
ілім мені әрдайым шабыттандырып, үнемі
ізденісте жүруге итермелейтін.

Содан, қолыма ұстазымның ұлы
Жандарбек Бұлғақовтың “Сөз Менеджменті”
кітабы түсті. Құдды өнер мектебінде әлі күнге
дейін оқып жатқандай әсер алып, қызыға
оқыдым. Ерекше шабыт сыйлап, сөзге деген
күрметімді арттыра түсті. Қарапайым қара
сөзбен қараша халыққа ораторлық өнердің
қыр-сырын түсіндіріпті. Ішінде кішігірім
қиссалар, өзінң басынан өткен өте мағыналы
өңгімелері де көрініс табады.

“Жақсы сөз – жарым ырыс” деген рас,
айтқан әр сөзіңіз – дұға. Жақсы сөйлесеңіз
алғысқа, жаман сөйлесеңіз қарғысқа
ұшырайсыз.

Автор өз кітабында ең алдымен шынайы
болуды алға тартады. Себебі, қандай кәсіп
иесі болсаңыз да ең алдымен шынайылық,
соған соң мәдениетті сөйлеуіңіз бен өзінді
ұстауыңыз бағаланады. Халықтың назарын
сөзіңізбен, болмысыңызбен ұстай білу өте
үлкен өнер.

“Егер сіз өртсөндіріпші жарнамалайтын
болсаңыз, онда сөзіңізді өрттен бастаңыз.”
Жай ғана кітап емес, алып құлшыныс
сыйлаған кітап авторына алғысым шексіз!

Ақмарал ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
ЖҚ-111 топ студенті.

ДАНАЛЫҚТЫҢ ШЫҒЫ-ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Шешендік өнер — көмескі көріністердің
көмсіген тараған, атадан балаға дарыған
ұлт рухының асқақ шыңы. Жауды да бір ауыз
сөзбен тоқтатқан дана халқымыз. Тарих пен
мәдениетімізді қаз қатар ұштастырған аталы
мыш ерекше өнер түрінің мәні қазіргі таңда
тандай қақтырарлық па? Шешендік өнер —
тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі күннің де
қажеттілігі. Қазіргі қоғамда ойындан анық өрі
өсерлі жеткізе білу, тыңдаушының назарын
аударып, сеніміне ие болу — табыстың басты
кілті. Сондықтан шешендік өнерді меңгеру —
рухани байлықты арттырып қана қоймай,
заманауи өмірде өз орнындай айқындаудың
маңызды құралы.

Тарихқа үңілсек, шешендік өнер со-
нау Ежелгі Грекия, Рим, Эллада, тіпті
Аристотельден бастау алады. Өзге
сөзбен «риторика», «ораторлық өнермен»
ұштастыратын бұл түйткілдің түйіні әр
халықтың өз тарихында тамыр жаыды. Десе
де, қазақ калпымыз, өз ұстанымдарымыз
бен дәстүрлеріміз ұлтымызды ерекше етегіні
тарихтан белгілі. Жат елдің зерттеулерін,
риторикасын сөзбе сөз аударып шығып
салыстырғаның өзінде әр елдің ерекшелігі
өзіне. Бірақ, ешбір елдің шешендік
өнерінің мәні қазақтікімен тең түспеген.
Тіпті біздің би-шешендеріміздей тұлғалар
Таяу Шығыста болуы мүмкін, не дегенмен,
олар дәл қазақтікідей болмаған. Ертеде

үлкендердің зерделі, құлақтың құрышын
қандыратын өңгімелерін естіп, үлкендерге
қызмет көрсетіп, асын беріп, кіріп-шығып
өскен талай баланың ақылы ағын судай та-
сып 13-жасынан кейін «бала би» атанған.
Неге үлкендер нұбратты өңгімені емес емес
өске алатынының мәні осында жатыр —
үлкенге деген үлкен құрмет. Қазіргі заман-
да керісінше, дастархан басында неше
түрлі өңгіме бет алды, жөн-жосықсыз ай-
тыла бергендіктен баланы шеттетіп көп
жолтапауға тырысады...

Түгел сөздің түбін түсірген, аталы да, ба-
талы да сөз қалдырған түп атамыз Майқы
бидің ұрпағымыз.

— Әлі заман өзгерер,
Өзгергенін көз көрер,
Мінгенің арба болар,
Бар құс қарға болар,
Жансыз арба ат болар,
Өз балаң өзіңе жат болар.

Темірден құс болады,
Ұрпағымың көргені құс болады,
Адам басы ауырып дақ шатылар,
Базарында сұйылып сүт сатылар.
Еркек билік тұл болар,
Сыыр пұл болар,
Еркек жасып ит болар,
Қатын тұлданып би болар.



дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесінде қазақ тілі мамандығы бойынша «Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Әрбір жетістігі мен алған асулары Алакеп ауданы Ақтүбек ауылындағы «Ақтүбек орта мектебіне» 1 сыныпқа қабылданып, 1991 жылы аяқтады.

Асылва Раушан Омарқызы 13 қаңтар 1975 жылы Талдықорған облысы Алакеп ауданы Үшарал қаласында дүниеге келді. 1981 жылы Алакеп ауданы Ақтүбек ауылындағы «Ақтүбек орта мектебіне» 1 сыныпқа қабылданып, 1991 жылы аяқтады.

1991 жылы І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетіне студент болып қабылданып, 1995 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» деген біліктілік алды.

1995-2004 жылдар аралығында Талдықорған қаласының мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды. 2004 жылдан бүгінгі күнге дейін І.Жансүгіров

және білім беру сапасын сараптау бойынша тәуелсіз агенттігінен аккредитациядан сәтті өтті. Жұмысқа деген жауапкершілігі, біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілеті, тыңғылықтылығы мен тиянақтылығы мамандықты аккредитациядан аттестациядан өткізуде әрбір ісін жарқырай көрініс тауып жатты.

Раушан Омарқызының ғалымдық, ұстаздық жолында да жеткен жетістіктері үлгі тұтарлық. Олимпиадалар мен ғылыми конференцияларға дайындауда студенттерге жетекшілік жасап, үкілсіз қосқан шөкірттері жыл сайын үмітін ақтап, университеттің абыройын асырып, жүлделі орындардан көрініп келеді. Раушан Омарқызының есепті еңбегі ескеріліп, 2019 жылы «Білім-еркек» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «Қазақстанның құрметті ұстазы» республикалық байқауында І дәрежелі дипломмен, 2024 білім және ғылым саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ҚР

өкімінің алғыс хаттарымен марапатталған.

Жолдасы – Асылва Бағлан Сағындықұлы және кәсіпкер. Ұлы – Асылва Данияр «81067 әскери бөлімнің» аға лейтенанты, әскери оркестр дирижері. Қызы – Асылва Дина №14 орта мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы.

Раушан Омарқызы 50 жасқа толған мерейлі жасын бағумен факультет, кафедра атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас 50-дің орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Қуаныштысы, мерейтойыңызды өріптестеріңіздің, дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөленген шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсыз. Пейіліңіз кең, жаныңыз жоғары, талапшыл ұстаз ретіндегі аб-зап қасиеттеріңіз тәнті етпей қоймайды. Осындай еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жексе басыңыздың кіршіксіздігі өзіңізбен қанаттас

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ

Сіздер оқуға түскен 1991 жылы Талдықорған педагогикалық институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ашылып, 25 студент қабылданды. Мен де сол жылы институтқа оқытушылыққа келіп, осы топқа куратор болып, жоғары оқу орнындағы алғашқы қадамымызды біріміз ұстаз, біріміз шөкірт болып бастап едік.

Тәуелсіздігімізді алған жылдардың қуанышы қандай мол болса, қиыншылығы да аз болмады. Елдегі нарықтық экономиканың желеуімен жасалған жекселеңдіру ауыл мен қаланы да есенгіретіп тастағаны мәлім. Бірақ ғылым-білімге деген құштарлық пен романтизм, жалындап тұрған жастықтың оты жастарды алға арман тауларға жетеледі. Осы жылдарда ұйымшыл топ, талай-талай ғылыми, мәдени, тәрбиелік шаралар өткізіп, оқу үлгерімі жағынан да университет бойынша үздік топтардың бірінен саналды.

Раушан Омарқызы, курстас құрбыларымен бірге ұйымдастырушылық қабілетімен, жайдары мінезімен жарқырап көрініп, жақсы бастамалардың, игі істердің бел ортасында жүрді.

1995 жылы институтты ойдағыдай аяқтап, мамандық алып жан-жаққа аттанды. 10 жылдан астам қала мектептерінде ұстаздық қызмет атқара жүріп, ғылымға ден қойды, ғылыми ізденіс жолында жақсы нәтижелерге жетті. Алдына қойған мақсат – мұраты айқындалып, 2009 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ тілі және түркі тілдері мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми

атындағы Жетісу университетінде ұстаз, шөкірт ретінде ізет, құрметіміз, өріпестімізді жарасып, 20 жылдан астам университетте бірге қызмет атқарып келеміз. Бұрын байқамаған көп қырларынды көріп, ерік-жігеріңе, қажыр – қабілетіңе, алғырлығыңа, жайдары мінезіңе тәнті болып, мақтаныш сезімге бөленіп жүреміз.

Раушан Омарқызы «Оқыту және тәрбиелеу едістемесі» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін де атқарды. Кафедра меңгеруші қызметінде 5 білім беру бағдарламасы бойынша «Бастауышта оқыту педагогикасы мен едістемесі», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтары Халықаралық АСQUIN аккредиттеуден сәтті өтті. Осы жылдар «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы Жоғары оқу орындарының Білім беру рейтингінде «Бастауышта оқыту педагогикасы мен едістемесі», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Білім беру бағдарламалары республика бойынша І орынға шықты. «Бастауышта оқыту педагогикасы мен едістемесі» білім беру бағдарламасының студенттері Республикалық пәндік олимпиадалар мен шығармашылық байқаулардан үнемі жүлделі орындар иеленді.

Раушан Омарқызы 2022 жылы 1 қыркүйектен бері түлетіп ұшырған гуманитарлық факультеті «қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының жетекшісі қызметін атқарды. Осы кезеңде Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары АROA аккредиттеу

Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ізенимпаз ғалым шөкіртіміз 90-нан аса ғылыми мақаланың, 2 оқу құралы мен 3 оқу-әдістемелік құралының, 1 монография, 5 электронды оқулық, 9 авторлық куәлік пен 11 оқу үдерісіне өндіру актілері бар ғылыми еңбектердің авторы. Ғылымға құштар жастардың ғылыми ізденістеріне жетекшілік етіп, талантты шөкірттер дайындап, магистрлік диссертация қоратып, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша 2 докторантқа ғылыми жетекшілік жасап келеді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Болон процесі және Академиялық үткірлік орталығының, Білім беру бағдарламаларының, мектеп оқулықтарының тұрақты сарапшысы, республикалық, университеттік деңгейдегі ғылыми конференциялар мен пәндік оқуларда, мәдени іс-шараларда қазылар алқасының мүшесі.

Салауатты өмір салтын ұстаным еткен ұстаз университетте және қала көлемінде ұйымдастырылатын спорттық іс-шараларға үнемі қатысады. Қала оқу орындары оқытушыларының арасында өткізілген спорттық сайыста ұзындыққа секіруден І орын, әйелдер командалары арасындағы волейбол жарысында ерекше көзге түсіп, үздік ойыншы деп танылып І дәрежелі дипломмен, шаңғы тебуден де І орын иеленіп, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы, ректордың, Талдықорған қаласы

жүрген әріптестеріңіз, тіпектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, қас ұрпақ үшін өмір мектебі екендігі даусыз.

Раушан Омарқызы, Сізді, өріптестеріңіз абыройлы еңбегін еліміздің ертеңі жас мамандардың болашағына арнаған тажирібелі ұстаз, ғалым ретінде таниды, ұлағатты ұстаз ретінде шөкірттеріңіз жоғары бағалайды. Қызмет жолыңызда еңбексүйгіштігіңізбен, қоғамдық белсенділігіңізбен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде алғысқа бөленіп, туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік шөкірттер тәрбиелеу жолында жауапкершілік пен тиянақтылық танытып келесіз. Өмір-дүние күймесіне артқан жүгіңіз салмақты, жеткен жетістігіңіз абыройлы, асқан белестеріңіз артта, алар асыларыңыз алда. Ізгілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз өменде арта берсін!

Өнегелі өмір соқағында сыйластықты ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкіл келе жатқан Раушан Омарқызы, Сізге, мерейлі мерекенізде шын көңіліңізден зор денсаулық, қажыр қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Қоғамымыздың игілігі, университетіміздің өркендеуі жолындағы күрделі де жауапты қызметте абырой биілің көріне беріңіз. Мерей жасыңыз құтты болсын!

Ниятас, тілектес ұстазың
Сайлау ҚАЖЫБЕКҰЛЫ

ШЫНЫҚСАҢ ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

Спартакиада

Қазіргі жаһандық қоғамда ой еңбегінен бөлек, дене еңбегі, денсаулық сақтау мәселелері аса өзекті. Спорт – тек қана физикалық белсенділік емес, ол адамның денсаулығын нығайтып, өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін маңызды құрал.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Спорт клубының жылдық жоспары бойынша білім ордасының профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында дәстүрлі Спартакиада өтті.

Төрт күнге созылған жарыста ойыншылар волейбол, футбол, стол теннисі, шахмат, тоғызқұмақ, арқан тартыс, футбол және бір күнге сияқты спорттың 8 түрінен бақ сынады.

Спартакиадаға Құқық және экономика, Физика-математика, Жаратылыстану-техникалық, Гуманитарлық, Педагогика және психология факультеттері мен Колледжі, Ректорат командаларынан 217 адам қатысып, озық ойын үлгісін көрсетті.

Қызметкерлер арасындағы тартысты бөксекте І орынды Жансүгіров колледжі иеленсе, II орынды Ректорат командасы алды. Ал Гуманитарлық факультетінің командасы III орынның тұғырынан көрінді.

Профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттауда дәстүрлі шараның маңызы зор болды.

Дзюдо

Университеттің студенттері арасында дзюдодан Басқарма Төрағасы – Ректор Кубогы өтті. Кубоктың ашылу салтанатында ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, дзюдодан 2000 жылғы Сидней Олимпиадасының қола жүлдегері Айдын Смағұлов қатысты.

Жарыс 60кг, 66кг, 73кг, 81кг, 90кг, 100кг, 100+ салмақ дәрежесі бойынша өтті. Жарысқа Құқық және экономика факультеті, Физика-математика факультеті, Жаратылыстану – техникалық факультеті, Гуманитарлық факультет, Педагогика және психология факультеті, ЖУ колледжі, барлығы 6 команда қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Жаратылыстану – техникалық факультеті І-орын, Гуманитарлық факультеті II-орын, Құқық және экономика факультеті III-орын алды.

Жүлделі орынға ие болған командалар және жекөлөй жеңімпаз студенттер І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректордың Кубогы, грамоталары және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Стол теннисі

Жетісу облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттерінің арасында үстел теннисінен турнир өткізді. Аталған шара ҚР Қаржылық мониторинг органының құрылған күніне орай ұйымдастырылды. Турнирдің ашылу салтанатына Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Еркін Тіомелиев қатысып, теннис ойыншыларына сәттілік тіледі. «Белсенді салауатты өмір салты мен спорт кез – келген заманауи адамның ажырамас бөлігі. Департамент қызметкерлері дене тәрбиесіне, салауатты өмір салтын ұстануға ерекше көңіл бөледі. Осындай жақсы әдетке жастарды үйрету мақсатында студенттер арасында теннис турнирін өкізіп отырымыз», – деді Еркін Амангелдіұлы.

Жетісу университетінің әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериев бүгінгі турнир І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Экономикалық тергеп-тексеру департаменті арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандум аясында ұйымдастырылып отырғанын айтып, сала қызметкерлеріне алғыс білдірді. Турнирге департамент қызметкерлері мен университет студенттері қатысып, тартысты ойын өткізді. Жүлделі 3 орынды да университет студенттері жеңіп алды. Жеңімпаздарды департамент басшысы грамота, медаль және бағалы сыйлықтармен марапаттады.



Қазіргі қоғамда мүмкіндігі шектеулі балалардың орны бөлек. Ерекше балаларға арналған көптеген бағдарламалар мен жобалар іске асырылып келеді. Олардың толыққанды қоғамның мүшесі болуына әлі де кейбір кедергілер бар. Көп жағдайда олар әлеуметтік өмірден оқшауланып, қоғаммен араласа алмайды.

Бірақ қазіргі көзқарас мүлдем өзгеріп келеді. Жетісу облысында ерекше балаларға арналған көптеген орталықтар ашылуда. Кейбір орталықтар мемлекет қолдауымен тегін қызмет көрсетеді. Сондай мекеменің бірі - "Үміт" орталығы.

Орталықта балалардың диагнозына қарай түрлі маман иелері жұмыс істейді. Мысалы невропатолог, психолог, логопед, дефектолог, массажист т.б.

Ол жерде балалар көбінесе қоғаммен араласу және де әлеуметтік тұрмыстық бағдарламалар бойынша білім алады. Диагнозына қарай әр бала әр түрлі болса да, өздерінің жеке дара бір қасиеттері бар.

Жуырда Көксу ауданы Балпық би ауылындағы «Үміт» мүмкіндігі шектеулі балаларға күндіз қызмет көрсету

орталығына барып қайттым.

Орталықтағы қызметкерлер өз ісінің шеберлері екен.

Таңғы сағат 5-тен балаларды тасымалдайтын көлік жүргізушілеріне де ата-аналардың алғысы шексіз.

Таңның атысымен балаларды әр ауылдан алып кетіп, кеш бата үйлеріне апарып, ата-аналарына аман-есен табыстайды.

Орталықтағы балалармен сұхбаттасуды жөн көрдім.

Әсіресе көзіме ерекше түскен балалардың бірі Нұрболатұлы Мейрамбек. Оның өнерге, өмірге, білімге деген құштарлығын көріп таң қалдым. Мейрамбек үйінің кенжесі әрі еркесі болса да, отбасы жайлы көп әңгімелестік. Басқа балаларға қарағанда арманы да асқақ екен. «Қошқар мен Теке» ертегісіндегі «Кім тәуекел етпейді, сол мақсатына жетпейді»

цитатасы өмірлік ұстанымым дейді.

Тағы бір өнерлі бала - Даниял Жәнібек. Ол спорт жағынан да, шығармашылық жағынан да жан-жақты. Жәнібек "Ресоль" шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен "Наурыз-Думан" республикалық байқауында жоғары



КӨҢІЛТЕ ҮМІТ СЫЙЛАҒАН "ҮМІТ"



деңгейде өнер көрсеткені үшін вокал номинациясы бойынша I-орынды иеленген. Алматы қаласында өткен "Бала шабыты" халықаралық конкурсында және "STAR OF THE UNIVERSE" дарынды балалар мен жастарға арналған байқауында жүлделі I-орын алған.

Сондай-ақ, ол Астана қаласында өткен, "Саптанатты болашақ" әлеуметтік жобасының аясында "Children Paralympic Games"-2024 инклюзивті спорт фестивалінде II-орынды иеленген. Бұдан да басқа көптеген жетістіктері бар. Жәнібекке қарап таң-тамаша болдым.

Балалардың ерекшеліктерін айта берсең таусылмас. Шурупов Денис орыс ұлтының баласы болса да, қазақ тілінде таза сөйлейді екен. "Қазақ салт-дәстүрлері", мақал-мәтелдерді және жаңылтпаштарды

жатқа айтады", - деп тәрбиешілері мақтады. Мақтауға тұрарлық бала екеніне көзім толықтай жетті. "Қош келдіңіз", - деп күліп қарсы алғанның, "келіп тұрыңыз", - деп сыйластықпен шығарып салғанының өз бойыма жылулық ұялатты.

Елімізде осындай ерекше балаларды құрметтеп, демеушілік көрсетіп, олардың дамуына үлесін қосатын және қолдан келгенше қайырымдылық жасайтын жандар көбейе берсе екен. Мүмкіндігі шектеулі балалар үйде қалып қалмай, қоғаммен араласып, өз ойларымен бөлісіп, жан-жақты дамыса екен деп тілеймін.

Оларды бағып-қағып, ешкімнен кем қылмай өсіріп келе жатқан ата-аналарына да алғысымыз шексіз!

Шағала ҚАБАЙ

ЖЕЛІДЕГІ ЖАЛҒАН ӨМІР

Күн сайын миллиардтаған адамдар Instagram, WhatsApp, TikTok, Facebook сияқты платформаларда өз өмірлерінің сәттерін бөліседі. Әркім өзінің ең жақсы, ең көңілді, ең қызықты сәттерін көрсетуге тырысады. Алайда, бұл шынайы өмірмен қаншалықты сәйкес келеді?

Әлеуметтік желілердегі "жалған өмір" қаншалықты қауіпті және ол өз-өзіңді жоғалтуға әкелуі мүмкін бе?

Әлеуметтік желілерде адамдар өздерін жақсы жағынан көрсетуге тырысады. Олар өмірлерінің күрделі жақтарын көрсетуден гөрі, жарқын, көңілді, жетістіктерге толы сәттерімен бөліседі. Бұл дегеніміз, өздерінің шынайы өмірі мен әлеуметтік желілерде көрсетілетін өмірі арасында үлкен айырмашылық болуы мүмкін. Мұндай әрекет нәтижесінде шынайы пен иллюзия арасындағы шекара жойылып, идеал өмір бейнесі қалыптасады. Мысалы, адамдар суреттерде бақытты, көңілді көрінгенімен, олардың ішкі жан дүниесі мен шынайы сөзімдері басқа болуы мүмкін. Олар өздерін қаншалықты керемет жетістіктерге жеткенін көрсеткен сайын, оны бақылап, қарайтын көптеген қолданушылар "барлығы менен жақсы

өмір сүреді" деген ойға беріліп, өзін-өзі төмендетеді. Бұл әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында жиі кездеседі. Осылайша виртуалды өмір өзін-өзі жоғалту қаупіне алып келеді.

Адамдар өз-өзің жоғалтқан сайын өз өмірлерінің мағынасыз екенін сезініп, депрессияға түсіп, мазасызданады. Мінсіз өмірді көрсетуге деген ұмтылыс ұзақ уақыт бойы адамды қажытып, эмоционалды күйзеліске әкеледі. Әрі шынайы өмірдегі құратын қарым-қатынастың өлсіреуіне әкеліп соғады.

Бұл мәселелерді шешудің бір жолы әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану. Ең алдымен шынайылықпен бастау керек: Өз өміріңіздегі кемшіліктер мен қиындықтарды жасырып қалмай, шынайы болуға тырысыңыз. Бұл өз-өзіңізге сенімділікті арттырады.

Екіншіден-әлеуметтік желілерге уақыттық шектеу қою: әлеуметтік желілерде қаншалықты отыратыныңызды бақылап, белгілі уақыт аралықтарын қойып, көбінесе шынайы өміріңізде сүйікті хоббиларыңызбен айналысуға тырысыңыз.

Үшіншіден-виртуалды өмірде емес шынайы өмірде қарым-қатынас құруға тырысыңыз: әлеуметтік желіде "өтірік"



қарым-қатынас болуы мүмкін, ал шынайы өмірде сіз адаммен сөйлесу арқылы оның мінез-құлқын, түр-көлбетін көре білу арқылы тани аласыз және сенімділігіңіз де артады. Маңыздысы – лайктар саны емес, шынайы қарым-қатынас өкенің естен шығармаңыз.

Төртіншіден, денсаулықты бірінші орынға қою: әлеуметтік желілерде өзіңізді қалай көрсету маңызды болса да, психологиялық және физиологиялық денсаулығыңызға мән беріп, назардан тыс қалдырмауға тырысыңыз.

Әлеуметтік желілер – бұл қазіргі өмірдің маңызды бөлігін құрайды, бірақ оларды дұрыс пайдаланбау адамды өз болмысынан алыстытып, жалған өмірге жетелейді. Сондықтан виртуалды әлем мен шынайы өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Өзіңізді жоғалтпай, шынайы болуға тырысыңыз, өйткені тек шынайылық адамды бақытты етеді.

Шырын РЫСБЕК

Жетісу университетінің журналистика факультетінің 1-курс студенті.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имеджік саясат орталығында тегін, беттелді.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б. Таубалды

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Таспырыс №138
Таралым 2000 дана